


Silkway Халықаралық Университеті

## *Презентация*

**Тақырып:** Педагогикалық ұжымдағы басқарушылық қарым-қатынас ерекшеліктері

**Қабылдаған:** Мурзабаева А  
**Орындаған:** Кәрім Сабина  
**Тобы:** 105-71

Shymkent 2019




В. А. Сухомлинскийдің айтқанындай, тәрбиеші өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен, адам жүрегін баурап алу өнерімен көрінеді.« Балаларға іскерлікпен, табанды түрде айтылған жақсы сөздің — деп жазды А. С. Макаренко,—орасан зор маңызы болатынына мен кәміл сенемін, біздің ұйымдық формалармызда әліде көптеген қателіктердің болуы, біз көп жағдайда балалармен дұрыстап сөйлесе білмейтіндігімізден. Сіздің сөзіңізден, сіздің ерік жігеріңіздің, сіздің мәдениетіңіздің, сіздің жеке басыңыздың лебі есіп тұратындай етіп сөйлей білу қажет. Осыған үйрену қажет» .

Балалармен педагогикалық, өзара әрекетте ұсақ – түйек жоқ — барлығы да: көзқарас, көз жанарының қозғалысы, дене қимылы т. б. жұмыс істейді. Өйткені біз жай қарым-қатынас емес, кәсіптік іскерлікпен қарым-қатынас жасаймыз.

*Көпшілік алдында сөйлеушіде байқалатын ең негізгі сезім түсініктері мынадай:*

1. Әңгімені қалай бастауды білмеушілік.
2. Толық ұғынықты, әрі түсінікті айтып бере алмаймын-ау деген қобалжу.
3. Қарым-қатынас мақсатындағы еленбейтін өзгерістер.
4. Бұрын пайдаланылған қарым-қатынас амалдарын өзгерту қажеттігі жайлы түйсік.
5. Қарым-қатынас жүйесінде бір нәрсені өзгерту қажет деген түсінік, бірақ не екені — онша айқын еместік.
6. Жұрт алдында сөйлеуге дағдыланбағандық.
7. Бұрын табиғи болып келген дене қимылының, қозғалыстың, жалпы мінез-құлқының, ерсілеу сияқты болып сезілуі.
8. Қарым-қатынастың өзгерген формадағы, мәнерлі атқару компоненттерін қажет етуі.
9. Өзіңді дұрыс түсінуі үшін жоспарланған информацияны неғұрлым сол қалпында жеткізуге талпынушылық.
10. Тыңдаушыны қызықтыруға тырысу.
11. Информацияны сұрыптауға, мазмұндауға және беру формасы жайында өзіне едәуір талап қоюдың пайда болуы.



*Педагогикалық қарым-қатынас қандай функцияларды жүзеге асырады? Қарым-қатынас жасаудың алуан түрлі барлық функцияларын информация беруге, қарым-қатынас пен өзара түсінісу процесінде басқа адамның жеке басын тани білуге арналған міндеттерге жатқызуға болады.*

***Қарым-қатынасты оқытудың оқу функциясын жүзеге асыру былайша қамтамасыз етіледі:***


- \* мұғалімнің оқушылармен нағыз психологиялық байланысы;
- \* мұғалімнің оқушылармен оқыту процесін оқу әрекетіне айналдыру;
- \* оқытудың қолайлы жағдайларын қалыптастыру;
- \* коллективтік танымдық ізденіс пен бірлесіп ойластырудың «психологиялық жағдайының пайда болуы»;
- \* жеке адамның тұтастай танымдық бағытталушылығын қалыптастыру;
- \* оқу әрекеті процесінде (танымдық, жас ерекшелік, эмоциялық,
- \* дидактикалық т. б.) психологиялық кедергілерді жеңу;
- \* оқушыларға тұтастай комплексті тәрбие ықпалын жүзеге асырудың мүмкіндігі;
- \* оқушылар коллективіндегі өзара қарым-қатынасты ойдағыдай қалыптастыру.

Оқушылармен қарым-қатынас процесі неғұрлым тиімді болуы және балалардық психикалық күйінде ұдайы болып тұратын өзгерістерге сәйкес келуі үшін, мынадай жайттар ұсынылады:

1. қарым-қатынас жасайтын балаларға ілтипатты бол;  
коммуникативтік есті дамыт;
2. балалармен қарым-қатынас жасағанда өз бақылауыңды дамыт;
3. әңгімелесушінің жауабын! әрқашан алдын ала біліп отыруға тырыс;
4. оқушылардың сырт мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, қимыл әрекетін, мимикасын, сөйлеу мәнерін талдай біл;
5. балалардың, «психикалық сигналдарын» мінез-құлқының сырт керіністері бойынша қабылдауды және дұрыс түсіндіріп беруді үйрен;
6. қарым-қатынас процесінде кіммен қарым-қатынас жасап отырғаныңды үнемі ойлағаның жөн;

Педагогикалық практика кезінде балалармен жұмыс істегенде өзіңе мынадай бақылаулар жүргіз:


- 1.Өзіннің оқушылармен қарым-қатынасында кері байланыс барма, ол қалай байқалады;
- 2.оқушылармен қарым-қатынас барысында сіз олардын, көңіл-күйін, ықыласын, жұмысқа әзірлігін т. б. сезіне аласың ба;
- 3.класқа кірген кезде сырттай шолу арқылы ондағы ахуалды байқа;
- 4.балаларға бір нәрсе жайлы әңгіме айтқанда, сөзге зейін қоймайтындарды аңғаруға тырыс.



Қарым-қатынас стилі дегенді біз педагог пен оқушылардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекетіндегі дербес-психологиялық ерекшеліктері деп түсінеміз. Қарым-қатынас стилінде мынадай көріністер байқалады:

- а) мұғалімнің коммуникативтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері;
- б) педагог пен тәрбиелеушінің өзара қарым-қатынасындағы жеткен деңгейі;
- в) педагогтың творчестволық дербестілігі;
- г) оқушылар коллективінің ерекшеліктері.





Мұндағы атап көрсететін жайт, педагогтың балалармен қарым-қатынас стилі — бұл маңызды әлеуметтік және өнегелік категория. Мұның өзі қоғамның және оның, өкілі ретінде тәрбиеленушілердің әлеуметтік-этикалық мақсаттарын көрсетеді. Достық ықылас негізіне құрылған педагогикалық қарым-қатынас стилі де едәуір табысты болып, оның өзі бірлескен оқу-тәрбие қызметінде едәуір табысқа жеткізеді.

# Глоссарий

**Қарым-қатынас** – адамдар арасында бірлескен іс — әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу

**Педагогикалық қарым-қатынас** — белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, дұрыс психологиялық климат құруға және оқу іс-әрекетін, педагог пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымы ішіндегі қатынастарды психологиялық тиімді етуге бағытталған оқытушы мен оқушының сабақтағы және сабақтан тыс уақыттағы кәсіптік қарым-қатынасы

**Авторитарлық стиль-мұғалім** шешімді өзі қабылдайды, оқушыны ескермей талап қояды

**Демократиялық стиль-оқушы** мен мұғалім теңдей қарым-қатынаста болады

**Либералды стиль-** мұғалім шешім қабылдаудан бас тартады, барлығын оқушыларға ысырады.

## Педагогикалық қарым-қатынас

Белгілі бір педагогикалық қызмет атқаратын, дұрыс психологиялық климат құруға және оқу іс-әрекетін педагог пен оқушы арасындағы, оқушылар ұжымындағы қатынастарды психологиялық тиімді етуге арналған оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас.

## Педагогикалық стиль түрлері

```
graph TD; A[Педагогикалық стиль түрлері] --> B[Авторитарлық стиль]; B --> C[Демократиялық стиль]; C --> D[Либералдық стиль.];
```

**Авторитарлық стиль**

**Демократиялық  
стиль**

**Либералдық стиль.**

Авторитарлық стильде оқушы тең дәрежелі емес, педагогикалық әсердің объектісі ретінде қарастырылады. Мұғалім шешімді өзі қабылдайды, жағдайды және оқушылардың пікірін ескермей талап қояды. Авторитарлық стильді ұстанатын мұғалім өте қатал, өз айтқанын екі етпей орындағанын қалайды, оқушылар өз ойын, пікірін ашық айта алмайды. Олар қорқақ, селсоқ рөл атқарады. Қоғамдық жұмысты, сабақты мұғалімнің алдында тәртіпті бола қалады да, мектептен тыс жерлерде түрлі тәртіпсіздік көрсетеді.

Демократиялық стилде оқушылар қарым-қатынаста тең дәрежелі. Мұғалім шешімді оқушылармен бірлесіп қабылдайды, олардың ойларын, пікірлерін ескереді. Мұғалім тек үлгерімге ғана емес, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларына мән береді. Мұндай мұғалімдерге үлкен кәсіби тұрақтылық, өз мамандығына қанағаттану тән.

Либералды стильде мұғалім шешім қабылдаудан бас тартады, барлығын оқушыларға, қызметтестеріне ысырайды. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және бақылау жүйесіз жүзеге асады, шешімсіздік, толғаныс байқалады. Сыныптан тұрақсыз микроклимат, жасырын келіспеушіліктер мөлшерсіздігінен аузы барынша сөйлеп, аяғы барғанша жүреді

# Педагогтың қарым-қатынастағы шеберлігі



Педагогтың қарым-қатынас жасаушы адаммен тілдік және тілдік емес өзге де тәсілдер арқылы ақпарат алмаса отырып, оның өзіне тән ерекше қасиеттеріне болжам жасап, ескере алу қасиеті



Белгілі бір қоғамдық құнды мақсаттарға қол жеткізуге (мысалы, тұлға мәдениетін қалыптастыру тіл арқылы) ұмтыла отырып, бағдарлама, әдіс-тәсіл, техниканы, қарым-қатынасты құру арқылы ортақ әрекетті ұйымдастыру



Қарым-қатынас жасаушы жеке тұлғамен немесе топпен тіл табыса алуы және қалай қабылданатындығын түсіне алу қасиеті.



# Педагогикалық тәртіп құрылымы

Мұғалімнің тұлғаға деген құрмет сезімі, жоғары талап қоюы

Бірбеткейсіз ұстанымдылығы, сабырлылығы

Адамдарға қатысты ерекше зейіні мен сезімталдығы

Әңгімелесіп отырған адамды тыңдай білуі, оны түсіне білуі,

Ара-қатынастағы іскерлік

## Қортынды:

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Себебі, оның психикасы тек айналасындағылармен қарым – қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, яғни қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі бір мазмұнға ие болады. Педагогтың өзіндік тұлғасы, білімі, қарым-қатынас стилі, мәдениеті оқушының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Педагогикалық стиль, тәртіп, мәдениет оқушыға үлгі боларлықтай болуы қажет.





# НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ

